

**«Банк Kassa Nova» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы 17-ақпандағы
№ 02-17 Хаттамасымен**

**№ 1 толықтырулар және өзгертулер енгізумен
БЕКІТІЛГЕН**

**«Банк Kassa Nova» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы 26-мамырдағы
№ 05-26 Хаттамасымен**

**№ 2 толықтырулар және өзгертулер енгізумен
БЕКІТІЛГЕН**

**«Банк Kassa Nova» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы 28-қарашадағы
№ 05-26 Хаттамасымен**

**БЕКІТІЛГЕН
№ 3 толықтырулар енгізумен**

**«Банк Kassa Nova» АҚ Директорлар кеңесінің
2018 ж. 30-наурыздағы № 03-30 (з) Хаттамасымен**

**«БАНК KASSA NOVA» АҚ-да ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

АСТАНА қ., 2017 жыл

1. КІРІСПЕ

1.1. «Банк Kassa Nova» АҚ операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы осы Ереже (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде және, оның ішінде Азаматтық кодекс (әрі қарай – Азаматтық кодекс), 1995 жылғы 31-тамыздағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл» Заңы, Қазақстан Республикасының «Дербес мәліметтер және оларды қорғау туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау тәртібі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің нормативтік-құқықтық актілері, «Банк Kassa Nova» АҚ (әрі қарай - Банк) Жарғысы және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттары негізінде және талаптарына сәйкес әзірленген.

Банктік заңнамамен көзделген операцияларды жүргізу оларды жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда ғана мүмкін.

1.2. Осы Ереже Банкпен банктік заңнамамен және Банктің лицензиясымен көзделген операциялар жүргізуді құқықтық регламенттеу мақсатында әзірленген.

1.3. Осы Ереже төмендегілер бойынша жалпы талаптарды белгілейді:

- қабылданатын депозиттер мен ұсынылатын кредиттердің шекті сомаларын және мерзімін;
- депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамасын;
- депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы төлеу шарттарын;
- Банкпен қабылданатын қамтамасыз ету талаптарын;
- банктік операциялар жүргізуге мөлшерлеменің және тарифтердің шекті шамасын;
- банктік қызмет ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімін;
- банктік қызмет ұсыну барысында туындайтын клиенттердің шағымдарын қарау тәртібін;
- Банктің және оның клиентінің құқықтарын және міндеттерін, олардың жауапкершілігін;
- Клиентермен жұмыс тәртібі туралы Ережені;

сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі осы Ережеге енгізуге қажет деп тапқан өзге де шарттарды, талаптарды және шектеулерді.

1.4. Осы Ереже ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпия мәні болып табылмайды. Банк осы Ережені оның бірінші талабы бойынша клиентке танысуға беруге міндетті.

1.5. Осы Ережеде Банкпен операциялар жүргізудің стандартты жалпы шарттары белгіленген. Банкпен банктік операциялар және банктік өнімдердің түрлері бойынша операциялар жүргізудің нақты шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

1.6. Осы Ережеде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

Клиент - Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатыны сияқты, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын, банктік қызмет алу бойынша Банкпен шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлға;

Ағымдағы және жинақ шоттары - олармен Банкте ашқан заңды тұлғалардың (филиалдардың және өкілдіктердің) дараланған бөлімшелерінің жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттары;

Салым (депозит) — бірінші талабы бойынша немесе қандай-да бір мерзімде, алдын ала ескерілген үстемемен толық немесе бөлшектеп, олардың атаулы білдіруін қайтару шарттарында немесе онсыз тікелей депозиторға немесе үшінші тұлғалардың тапсырмасы бойынша Банкке Клиентпен берілетін ақша;

Қарыз (кредит) - Банкпен банктік қарыз, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операциялар жүргізілуі;

АБАЖ - Банктің Автоматтандырылған Банктік Ақпараттық Жүйесі;

SWIFT, TELEX, SPRINT, REUTER – ақпарат берудің қорғалған байланыс құралдары;

Кассалық операциялар – Клиенттерге қызмет көрсету кезінде Банкпен қолма қол ақшамен жүргізілетін операциялар (банкноталарды және монеталарды қабылдау, қайта есептеу, ұсақтау, айырбастау, буып-түю және сақтау);

(ЕАВ)- еркін айырбасталатын валюта;

(ШАВ) – шектеулі айырбасталатын валюта;

Келушілер - клиенттер, іскер серіктестер, сондай-ақ Банк қызметкерлерімен өзара әрекет ететін өзге де тұлғалар;

Қызметкер – Банк қызметкері;

Жүгіну – Банкпен банктік қызмет ұсыну кезінде туындайтын жеке және заңды тұлғалардың шағымдары бойынша Банктің заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін жою туралы тұлғаның немесе өзге тұлғалардың бұзылған құқықтарын, еркіндігін немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы талабы;

Шағымды есепке алу – шағымды қабылдау және қарау бойынша мәліметтерді белгілеу;

Шағымды қабылдау - Банк қызметкерлерінің жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау бойынша әрекеттері;

Шағымды қарау - Банктің лауазымды тұлғасымен өз құзыреті шегінде тіркелген шағым бойынша шешім қабылдауы;

Шағымды тіркеу – есепке алу ақпараттық құжатта шағымның мазмұны бойынша қысқаша мәліметтерді белгілеу және келіп түскен әрбір шағым бойынша тіркеу номерін ұсыну.

2. Банкпен операциялар жүргізудің негізгі қағидалары

2.1. Банк және Клиент арасындағы қатынастардың шартты сипаты.

2.1.1. Банк және Клиент арасындағы қатынастар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгедей көзделмесе, шарттар негізінде жүзеге асырылады.

2.2. Банкпен қызмет ұсынудың ақылы сипаты.

2.2.1. Банктің қандай-да бір мәмілеге қатысудың басты мақсаты болып табыс табу немесе болашақта Банкпен табыс алуды ұлғайтуға жағымды (жеңілдік) шарттарда Банктің қатысуымен мәмілелер нәтижесін құру табылады.

2.3. Банктік қызметті жүргізу кезінде Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, уәкілетті органның нұсқаулықтарын және өзге нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ қолданыстағы пруденциалды нормативтерді және сақталуға міндетті өзге де нормаларды және лимиттерді сақтауы.

2.4. Онымен (олармен) банктік операцияларды жүргізу кезінде Банкпен, оның лауазымдық тұлғаларымен және басшы қызметкерлерімен құпиялылықты (коммерциялық құпияны) қамтамасыз ету.

Құпия (коммерциялық құпия) ақпаратқа қатысты критерийлер Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

3. Банкпен жүргізілетін операциялар

3.1. Банк уәкілетті органмен берілген лицензия негізінде ұлттық және шетел валюталарында операциялардың келесі түрлерін жүргізеді:

- 1) депозит қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) депозит қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- 4) кассалық операциялар: банктермен және поштаның Ұлттық операторымен қолма қол ақша қабылдау және беру, оларды ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, буып-түюді және сақтауды қоса;
- 5) аударым операциялары: ақша төлемдері және аударымдары бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
- 6) есептік операциялар: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және өзге борыш міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- 7) банктік қарыз операциялары: банкпен төлемділік, мерзімділік және қайтарымдық шарттарында ақшалай нысанда кредит ұсыну;
- 8) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- 9) инкассоға төлем құжаттарын қабылдау (вексельдерді қоспағанда);
- 10) аккредитив ашу (қою) және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- 11) банктермен ақшалай нысанда орындалуды көздейтін банктік кепілдіктер беру;
- 12) банктермен ақшалай нысанда орындалуды көздейтін үшінші тұлғалар үшін банктік кепіл және өзге міндеттемелер беру;
- 13) вексельдермен операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушімен вексель төлемі бойынша қызмет көрсету, сондай-ақ домицилирленген вексельдер төлемі, делдалдық тәртібіндегі вексельдер акцепті;
- 14) лизингтік қызметті жүргізу;
- 15) меншік құнды қағаздарын шығару (акциялардан басқа);
- 16) факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдаумен тауар (жұмыс, қызмет) сатып алушыдан төлем талабының құқығын алу;
- 17) форфейтерингтік операциялар (форфейтеринг): сатушыға айналымсыз вексель сатып алу жолымен тауар (жұмыс, қызмет) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу;
- 18) сенім білдірілген операциялар: сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны, ипотекалық қарыздар және аффинирленген бағалы металдар бойынша талап құқығын басқару;
- 19) сейфтік операциялар: құжаттамалы нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттарын және құндылықтарын қоса, сақтау жөніндегі қызметтер, сейф жәшіктерін, шкафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса.

3.2. Банк осы Ереженің 3.1-тармағында аталған операциялардан басқа өзге де операцияларды жүргізеді:

- 1) төлем карточкаларын шығаруды және қызмет көрсетуді;
- 2) сауда және интернет эквайрингін.

4. Банктік шоттарды ашу және жүргізу, депозиттер қабылдау жалпы шарттары

4.1. Банк банктік шоттар ашады және жүргізеді:

- заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын;
- заңды және жеке тұлғалардың жинақ шоттарын.

4.2. Заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу Банк Басқармасымен бекітілген шарттардың типтік нысандары негізінде «Банк Kassa Nova» АҚ жеке және заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың, шаруа (фермерлік) қожалықтарының шоттарын ашу, жүргізу және жабу Ережесіне» сәйкес жүргізіледі. Банктік шоттар бойынша банктік шоттарды ашқаны және жүргізгені, операциялар жүргізгені үшін Банк Клиенттерден Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес комиссия алады.

4.3. Заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттары еркін айырбасталатын валютада (ЕАВ), шектеулі айырбасталатын валютада (ШАВ) ұлттық валютада ашылады. Банкте заңды және жеке тұлғалармен ашылатын банктік шоттар саны, сондай-ақ банктік шоттар бойынша ең жоғарғы қалдық шектелмейді.

4.4. Банктің салым (депозит) операциялары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4.5. Жинақ шоттары оларға салым (депозиттер) орналастыруға арналған. Салым (депозит) - бірінші талап бойынша немесе қандай-да бір мерзімде, алдын ала ескерілген үстемемен толық немесе бөлшектеп, олардың атаулы білдіруін қайтару шарттарында немесе онсыз, тікелей депозиторға немесе үшінші тұлғалардың тапсырмасы бойынша Клиентпен Банкке берілетін ақша.

Банктің барлық филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері үшін салым қабылдау шарттары бірыңғай болып табылады.

4.7. Салымды қабылдаған кезде Банк және Клиент арасында салымды қабылдаудың, ол бойынша сыйақы төлеудің және салымды берудің барлық шарттары көрсетілетін Банктік салым Шарты жасасылады.

4.8. Банктің Директорлар кеңесімен жеке және заңды тұлғалардың салымдар мен ағымдағы шоттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төменгі және жоғарғы шектері, ақша міндеттемесі, орналастыру мерзімі бекітілген (1-Қосымша).

4.9. Депозиттер мен ағымдағы шоттар бойынша шарттар (стандартты шарттар/акция аясындағы шарттар/жеке шарттар/тарифтік (корпоративтік) топтар аясындағы шарттар), салым бойынша сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтары бойынша шарттар пайыздық мөлшерлеме, тарифтер мен мерзімдер төменгі және жоғарғы шектері Директорлар кеңесімен бекітілетін шектерде Банк Басқармасымен/Банк Басқармасымен құралатын Алқалы органмен бекітіледі.

4.10. Заңды тұлғалардың салымдары ұлттық валютада қолма қол ақшамен және қолма қол ақшасыз тәртіпте, шетел валютасында – қолма қол ақшасыз тәртіпте қабылданады. Заңды тұлғадан салымға шетел валютасында ақша қабылдаған жағдайда Банк валюталық бақылау тәртібін жүргізеді.

4.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның салымы бойынша есептелген сыйақы төлемі, заңнамамен көзделгеннен басқа, төлем көзінен табыс салығын ұстап қалумен жүргізіледі. Және Клиент жүгінген жағдайда Банк оған салық органдарымен әрі қарайғы есеп айырысу үшін төлем көзінен ұстап қалумен табыс салығы туралы тиісті анықтаманы ұсынады.

4.12. Заңды және жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері салым түріне және валютасына, сыйақы төлемі кезеңділігіне, салым орналастыру мерзіміне және басқа параметрлерге байланысты белгіленеді.

Салым бойынша сыйақы төлеу Банктік салым Шартының шарттарына байланысты. Заңды және жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы есептеу үшін 30 күнге тең шартты ай және 360 күнге тең шартты жыл қабылданды.

4.13. Салымдар бойынша сыйақы белгілеу кезінде Банк жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) кепілдік беру Қорының шекті мөлшерлемесін, депозиттер нарығындағы мөлшерлеме деңгейін, банкаралық ресурстар құнын, Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландыру мөлшерлемесін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.

4.14. Жинақ шоттары бойынша операциялар Банкпен төмендегілер негізінде жүргізіледі:

- 1) салымшының (депозитордың) тапсырмасы бойынша;
- 2) нотариалды куәландырылған сенімхат немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылған үшінші тұлғалардың талаптары бойынша;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшының (депозитордың) акцептін талап етпейтін үшінші тұлғалардың талабы бойынша;
- 4) егер ол шарттың шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Банктің өкімі бойынша.

4.15. Салым кез келген уақытта Банктік салым Шартын бұзу жолымен Банктік салым Шартының әрекет ету кезеңінде талап етілуі мүмкін.

4.16. Банк Банктік салым Шартын жасасқанға дейін осы Ереженің 10-тармақ 10.2.)тармақшасымен көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа Клиентке ауызша нысанда банктік салым бойынша келесі ақпаратты ұсынады:

- 1) салым түрлерін (талап ету, мерзімді, шартты);
- 2) салым мерзімі (болса);
- 3) салымның ең төменгі сомасын;
- 4) сыйақы мөлшерлемесін, оның ішінде Клиенттің жүгінген күніне шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеу (нақты құны);
- 5) қосымша келісім (болса) жасаспастан салым мерзімін ұзарту шарттарын;
- 6) салымды толықтыру мүмкіндігі, капиталдандыру;
- 7) салымды мерзімінен бұрын толық немесе бөлшектеп алу шарттарын;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген кепілдендірілетін банктік салымдар бойынша кепілдік өтеу мөлшерін.

4.17. Банктік салым Шарты мерзімінің аяқталуы бойынша Салымшы келмеген және салымның негізгі сомасын және есептелген сыйақыны талап етпеген жағдайда Шартты автоматты ұзарту бойынша ең жоғарғы санының өтуімен Банк Салымның бүкіл сомасын және тиесілі Сыйақыны Салымшының Банктік шотына аударады, мұнан кейін Жинақ шотына жабу жүргізеді.

5. Банктік қарыздарды ұсынудың жалпы шарттары

5.1. Қарыздар (кредиттер) бойынша өнімдер екі негізгі топқа бөлінеді:

- 1) заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге ұсынылатын өнімдер;
- 2) кәсіпкерлік қызметті жүргізуге байланысты емес жеке тұлғаларға ұсынылатын өнімдер.

5.2. Заңды тұлғаларға ұсынылатын қарыздар (кредиттер) кредиттеудің келесі мақсаттары айырмасында кәсіпкерлік қызмет (шағын және орта бизнесті кредиттеу) үшін:

- 1) айналым капиталын толықтыру;
- 2) көрсетілетін қызмет өндірісін немесе көлемін ұлғайту;
- 3) машина, жабдықтар, шикізат және материалдар сатып алу, сондай-ақ өндірісті дамыту;
- 4) кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін жылжымайтын мүлікті алу, құрылысы және жөндеу;
- 5) коммерциялық жылжымайтын мүлікті алуға кредиттер және т.б.

5.3. Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар (кредиттер) кредиттеудің келесі түрлері айырмасында тұтынушылық мақсаттарға беріледі:

- 1) дайын немесе салынып жатқан тұрғын үй алуға ипотекалық кредиттер;
- 2) жаңа немесе бұрын пайдаланылуда болған автокөлік сатып алуға кредиттер;
- 3) жедел мұқтаждықтарға және т.б. кредиттер.

5.4. Жеке кәсіпкерлердің заңды тұлғаларға берілетін өнімдер аясында қарыздар (кредиттер) алуға мүмкіндіктері бар.

5.5. Қарыздар (кредиттер) мерзімділік, қайтарымдылық және төлемділік шарттарында беріледі.

Шекті сома:

- Банкпен ерекше қатынастардағы байланыста емес бір Қарыз алушыға қарыз Банктің меншік капиталы мөлшерінің балама 25% (жиырма бес) пайызынан аспайтын соманы құрайды;

- Банкпен ерекше қатынастардағы байланыста емес бір Қарыз алушыға қарыз Банктің меншік капиталы мөлшерінің балама 10% (он) пайызынан аспайтын соманы құрайды;

- бланктік қарыз Банктің меншік капиталы мөлшерінің балама 10% (он) пайызынан аспайтын соманы құрайды.

5.6. Кредиттер бойынша қамтамасыз ету болып бой көтереді:

- жылжымайтын мүлік;
- жылжымалы мүлік;
- ақша қаражаты;
- уәкілетті органның шешімі бойынша өзге де түрлер.

5.7. Қарыздарды (кредиттерді) пайдаланғаны үшін сыйақы және комиссиялар алынады. Банктің Директорлар кеңесімен сыйақы мөлшерлемесінің төменгі және жоғарғы шектері, қарыздың шекті мерзімдері бекітіледі (2-Қосымша).

Кредиттерді пайдаланғаны үшін сыйақы жылына 360 күнге тең күндер санын ескерумен, кредит сомасын пайдаланудың нақты күн саны бойынша есептеледі. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшері уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актісімен белгіленеді.

5.8. Кредиттер бойынша шарттар, сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, қарыздар бойынша өнім аясындағы тарифтер Директорлар кеңесімен бекітілген ең жоғарғы және ең төменгі шекті шама шектерінде Банк Басқармасымен белгіленеді.

Банк Басқармасының/ Банк Басқармасымен құралатын Алқалы орган шешімі бойынша Клиентке кредит бойынша сыйақының жеке мөлшерлемелері мен комиссия мөлшерлері белгіленеді.

5.9. Қарыз (кредит) ұсыну, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операцияларды жүргізу, вексельдерді есепке алу, кепіл, кепілгерлік, Банк аккредитивтерін шығаруды жүргізудің міндетті шарты болып ол және жасасылатын мәміле туралы мәліметтерді, сондай-ақ өз міндеттемелерін орындауға байланысты кредит бюросы базасына ақпаратты ұсынуға Клиенттің жазбаша келісімінің болуы таабылады.

5.10. Банк банктік қарыз Шартын жасасқанға дейін осы Ереженің 10-тармақ 10.2.)тармақшасымен көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа, Қарыздар бойынша Клиентке ауызша түрде келесі ақпаратты ұсынады:

- Қарыз ұсыну мерзімін;
- Қарыздың шекті сомасын және валютасын;
- сыйақы мөлшерлемесінің түрін: беркітілген немесе құбылмалы, егер сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болса, есеп айырысу тәртібін;
- жылдық пайыздағы сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері және Клиенттің жүгінген күніне оның шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі (нақты құны);
- Банктің пайдасына комиссиялардың, тарифтердің және Қарызды алуға және қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты өзге шығындардың толық тізілімін және мөлшерлерін;

- Банктер туралы заңмен көзделген Клиентпен – заңды тұлғамен жасасылған Банктік қарыз Шартының шарттарын бір тарапты өзгерту жағдайлары;

- Банктік қарыз Шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Клиенттің жауапкершілігі мен тәуекелін;

- кепіл берушінің, кепілгердің, кепілдің және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын өзге тұлғаның жауапкершілігін.

5.11. Банк банктік қарыз бойынша шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күніне дейінгі мерзімде бас тарту себептерін көрсетумен Клиентке банктік қарыз беру немесе беруден бас тарту туралы хабарлайды.

5.12. Банктік қарыз Шарты 2007 жылғы 23-ақпандағы № 49 «Кредиттеу бойынша құжаттама жүргізу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу және Банктік қарыз Шартының міндетті шарттарының тізілімін бекіту туралы» 2011 жылғы 28-ақпандағы № 18 Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының қаулысына сәйкес белгіленген Банктік қарыз Шартының міндетті шарттарын қамтиды (№ 6877 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген).

5.13. Банктік қарыз Шартына қызмет көрсету кезеңінде Банк Клиенттің (қарыз алушының) немесе кепіл берушінің (Банктер туралы заңнамамен көзделген банктік құпияны жария етпеу туралы талаптарды сақтаумен) сұрауы бойынша сұрау алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жазбаша түрде төмендегілер туралы мәліметтерді жөнелтеді:

- Банкке төленген ақша сомасын;
- кешіктірілген берешек мөлшерін (болса);
- қарыз қалдығын;
- кезекті төлем мөлшерлері мен мерзімдерін;
- кредиттеу лимитін (болса).

5.14. Клиенттің өтініші бойынша Банк Банктік қарыз Шарты бойынша берешекті өтеуге Клиенттің (қарыз алушының) келіп түсетін ақшасын бөлу туралы жазбаша нысанда айына бір реттен жиі емес тегін, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақпарат ұсынады.

5.15. Банктік қарыз Шарты бойынша берілген ақшаны Клиенттің бөлшектеп немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша Банк жазбаша түрде үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тегін, қайтарылуға тиесілі соманың мөлшерін хабарлайды.

5.16. Банктік қарыз Шартымен көзделген жағдайда Банк мерзімді негізде Клиентке Банктік қарыз Шартымен көзделген тәсілде осы Ереженің 5-тармақ 5.12.)тармақшасымен көзделген мәліметтерді ұсынады.

5.17. осы Ереженің 5-тармақ 5.12.-5.15.)тармақшаларымен көзделген мәліметтер негізгі қарыз сомасын, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздықты және айыппұл ықпалшараларының өзге түрлерін, сондай-ақ төленуге жататын өзге сомаларды көрсетумен беріледі.

5.18. Егер Банктік қарыз Шартымен көзделген жағдайда Банктік қарыз Шартымен көзделген мерзімде және тәсілде Қарыз алушыға шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын кешіктіру және төлем енгізу қажеттігі туралы хабарлайды.

Банктік қарыз Шартында тараптардың келісімі бойынша шарт бойынша кезекті төлем күні туралы хабарлама мерзімі мен тәсілдері көзделеді.

5.19. Банк Қазақстан Республикасының банктік заңнамасымен және Банктік қарыз Шартымен белгіленген тәртіпте және негізде берешекті өндіріп алуды жүргізеді.

5.20. Банктік қарыз Шарты бойынша берешекті өндіріп алу мақсатында Банктік қарыз Шарты бойынша Клиентке төлем енгізу қажеттігі мен Клиенттің өз міндеттемелерін орындамау салдарлары туралы хабарлайды.

5.21. Банктік қарыз Шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы Клиент үшін хабарламада Банктік қарыз Шарты бойынша берешек мөлшері (негізгі қарызды, сомасын, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздықты және айыппұл ықпалшараларының өзге түрлерін,

сондай-ақ төленуге жататын өзге сомаларды көрсетумен) туралы қысқаша ақпаратты қамтиды.

5.22. Банктік қарыз Шартына қызмет көрсетуге байланысты Клиентке, сондай-ақ кепіл берушіге, кепілгерге және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын өзге тұлғаға жергілікті уақыт бойынша 21 сағаттан бастап 9 сағатқа дейін хабарлама тапсыруға және ескертулерді (телефон арқылы қоңырау шалуға) жүзеге асыруға болмайды.

5.23. осы Ереженің 5-тармақ 5.19.)тармақшасында көрсетілген хабарламадан туындайтын талаптар қанғаттандырылмаған жағдайда Банк Клиентке Банктер туралы заңның 36-бабымен көзделген шараларды қолданады.

5.24. Егер Банктік қарыз шартымен үшінші адамға Банктік қарыз Шарты бойынша құқықты (талапты) беру (талапты беру) көзделген жағдайда.

Банк құқықты (талапты) бергеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бұл жөнінде борышкерге (оның уәкілетті өкіліне) берілген құқық (талаптар) толық мөлшерін, сондай-ақ негізгі қарыздың кешіктірілген және ағымдағы сома қалдықтарын, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздықты, айыппұлды және төленуге жататын өзге сомаларды және қарызды өтеу бойынша әрі қарайғы төлем тағайындауды – Банкке немесе құқық (талап) берілген тұлғаға көрсетумен жазбаша түрде хабарлайды.

6. Өзге банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары

6.1. Барлық операциялар Банкпен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Банк және Клиент арасында жасасылған шарттар (егер шарт жасасу талап етілсе) негізінде Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

6.2. Операция жүргізгені үшін Банк Клиенттерден қолданыстағы тарифтерге сәйкес комиссия алады.

6.3. Ақша төлемдері мен аударымдары заңды және жеке тұлғалармен банктік шоттарды пайдаланумен сияқты банктік шотты ашпастан да жүргізіледі. Заңды тұлғалар банктік шотты ашпастан төлемдерді және бюджетке салықтар мен өзге де міндетті төлемдер бойынша аударымдарды ғана жүргізуге құқылы. Жеке тұлғалар валюталық операциялар бойынша – валюталық заңнамамен белгіленген шектерде, жеке тұлғалармен кәсіпкерлік қызметті жүргізуге байланысты емес мақсатта және оларға қатысты мәміле төлқұжатын ресімдеу, тіркеу немесе хабарлау талап ету белгіленбеген банктік шоттан және банктік шотты ашпастан төлемдер мен ақша аударымын жүргізуге құқылы. Ұлттық валютадағы операциялар бойынша банктік шоттан және банктік шот ашпастан жеке тұлғалардың төлемдерінің және аударымдарының мөлшерлері шектелмеген. Төлем және аударымдар мақсаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

6.4. Валюталық операциялар бойынша банктік шоттар және банктік шот ашпастан заңды және жеке тұлғалардың төлемдерін және аударымдарын жүргізген кезде Банкпен міндетті түрде төмендегілер жүргізіледі:

- валюталық заңнамаға сәйкес валюталық бақылау агенті ретінде валюталық бақылау тәртібі;
- комплаенс-бақылау тәртібі.

Операция жүргізген кезде Клиенттер Банкке валюталық операция жүргізуге байланысты құжаттарды ұсынуға міндетті. Клиенттер валюталық заңнаманы бұзған жағдайда Банк бұл жөнінде валюталық бақылау органдарына хабарлауға міндетті.

Төлем жүргізер алдында аударым өтініші Банк филиалында және комплаенс-бақылау бойынша валюталық бақылау мәніне тиісті тексеруден және өңдеуден өткізіледі (алушы ел, төлемнің тағайындалуы). Төлем тапсырысы Клиенттің өтініші бойынша Клиентпен көрсетілген деректемелерді ауыстырумен АБАЖ құрастырылады. Есеп айырысу және төлемдер тобы төлем бағытын таңдайды, қажетті деректемелердің болуын, SWIFT

форматына сәйкестігін тексереді. Комплаенс-бақылау тобы төлемге тексеру жүргізеді. Есеп айырысу және төлемдер тобы АБИС-те төлемді авторландыру, SWIFT Alliance Access сыртқы шлюзінсіз импортты және жөнелтуді жүргізеді.

6.5. Кассалық операциялар (банкноталарды және монеталарды қабылдау, қайта есептеу, ұсақтау, айырбастау, сұрыптау, буып-орау және сақтау) Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 03-наурыздағы № 58 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізу Ережесіне, сондай-ақ Банктің ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Қолма қол ақшамен операциялар Банк филиалдарының операциялық бөлімшелерінде операциялық сағаттарда жүргізіледі. Қолма қол ақшаны қабылдау кіріс кассалық құжаттары негізінде жүргізіледі: қолма қол жарнаға хабарландыру бойынша заңды тұлғалардың шоттарына жарналар, қалған барлық ақша түсімі - кіріс кассалық ордерлер негізінде. Банк кассасынан ақша беру шығыс кассалық құжаттары бойынша беріледі: ақша чектері бойынша (клиенттер – заңды тұлғалар) және белгіленген нысандағы шығыс кассалық ордерлері бойынша. Банк Клиенттің шотын оларды қабылдау аяқталу бойынша нақты қабылданған сомаға кредиттейді. Қолма қол ақша беру шоттағы қалдық шегінде жүргізіледі. Ірі көлемдегі ақша алған жағдайда Банк Клиенттен бір операциялық күнге алдын ала хабарлама сұрауға құқылы.

6.6. Банк қолма қол шетел валютасын сату/сатып алуды Банктің айырбастау пункттері арқылы немесе Клиенттің банктік шотындағы валютаны айырбастау жолымен қолма қол ақшасыз шетел валютасы, және айырбасталған валютаны клиенттің өзге валютадағы банктік шотына аудару операцияларын жүргізеді.

6.7. Қолма қол және қолма қол ақшасыз шетел валютасын сату/сатып алу Банкпен белгіленген бағам бойынша жүргізіледі. Банк Қазынашылығының жазбаша өкімі негізінде жұмыс күні ішінде бағамның өзгеруіне рұқсат етіледі. Шетел валютасын сатып алуға өтініш ресімдеген кезде Банктің уәкілетті өкілі немесе уәкілетті ұйым болып табылмайтын заңды тұлға-резидент сатып алу мақсатын және шетел валютасы сомасын көрсетеді. Уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым болып табылмайтын заңды тұлға-резидент балама жүз мың АҚШ долларынан аса сомаға ұлттық валюта үшін шетел валютасын сатып алған жағдайда өтінімге орындау үшін шетел валютасы, және (немесе) сатып алу мақсатын және шетел валютасы сомасын растайтын өзге құжаттар алынатын валюталық шарттың көшірмесін қоса береді.

Банк балама жүз мың АҚШ долларынан аса сомаға ұлттық валюта үшін шетел валютасын сатып алуға өтінімді орындаған кезде өтінімде көрсетілген сатып алу мақсатын және шетел валютасы сомасын валюталық шартпен және (немесе) сатып алу мақсатын және шетел валютасы сомасын растайтын өзге құжаттармен салыстырады. Ұлттық валюта үшін шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға өтінім ресімдеген кезде заңды тұлға-бейрезидент шетел валютасын сатып алу немесе сату мақсатын көрсетеді.

6.10. Теңгеде және шетел валютасында корреспонденттік шот ашу үшін респондент корреспондентке келесі құжаттарды ұсынады:

- корреспонденттік шот ашу ашуға өтінімді;
- комплаенс-сауалнаманы;
- уәкілетті тұлғалардың қол қою және мөр бедерлемесінің үлгілерімен нотариалды куәландырылған құжаттарды – 3 дана;
- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесін – 1 дана;
- банк - респондент елдің Орталық банкінің ұлттық және шетел валютасында операциялар жүргізуге лицензиясының нотариалды куәландырылған көшірмесін – 1 дана;
- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) (көшірме) фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органмен берілген белгіленген нысандағы нотариалды куәландырылған құжат – 1 дана;
- статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшірмесін – 1 дана (егер болса);
- салық есебіне қою фактісін растайтын салық қызметі органымен берілген құжат

(нотариады куәландырылған) – ҚР резиденттері үшін;

- құжатта көрсетілген қол қою және мөр бедерлемесінің үлгілерімен лауазымды тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтан көшірмелер;
- соңғы қаржы жылы үшін жылдық есеп (көшірме);
- соңғы есеп күніне теңгерім (көшірме);
- оның банк-респонденттерінің тізімі.

6.11. Шетел валютасын сатып алу-сату банктермен жасасылған Бас келісімдерге сәйкес және/немесе активтерді айырбастау шарты негізінде жүргізіледі. Қолма қол валютаны сатып алу-сату қолма қол/қолма қол ақшасыз валютамен немесе теңгемен жүргізіледі. Банк филиалы аталған құжаттарға және Сенімхатқа (мөрі мен қолы банктердің және мөр бедерлемесінің үлгілерімен салыстырылады) сәйкес қолма қол ақшаны алу/беру бойынша тиісті операциялар жүргізеді.

6.12. Экспорт-импорт операциялары бойынша халықаралық есеп айырысу жүргізгенде Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес негізгі бағыты төмендегілер болып табылатын валюталық бақылау агентінің қызметін жүргізеді:

- жүргізілетін экспорт-импорт операцияларының қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін және қажет жағдайда клиенттерде тиісті лицензияның немесе тіркеу куәліктерінің болуын белгілеу;
- халықаралық төлемдердің негізділігін тексеру;
- экспорт-импорт валюталық операциялары бойынша есепке алудың толықтығын және дәйектілігін тексеру.

Бейрезидент пайдасына ұлттық валютадағы заңды тұлға-резиденттің ақша төлемдері мен аударымдары немесе оларды бейрезиденттен заңды тұлға-резиденттің пайдасына есепке алуды Банк резиденттің тиісті ресімделген құжаттар (шарттар, келісімдер, келісім-шарттар, инвойстер, шот-фактуралар, құжаттама немесе тауар алуға Сенімхат, келісімнің есептік номері – егер тауар Қазақстан Республикасы шекарасымен қиылысқан жағдайда) ұсынған жағдайда ғана жүргізеді.

Келісімнің есептік номерін алу бойынша ескертулер болған жағдайда келісімнің есептік номерін дұрыс алу үшін Банк Клиентке онымен ұсынылған құжаттарды қайтарады және келісім шарттарына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыным береді.

Валюталық бақылауға жататын төлемді тексергеннен кейін «валюталық бақылау» белгісімен орындалады.

6.13. Капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүргізу Банкпен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы немесе тіркеу куәлігі негізінде жүргізіледі.

6.14. Құжаттамалы аккредитивтер мен кепілдер бойынша операциялар құжаттамалық аккредитивтер, кепіл, вексель және Париждегі халықаралық сауда палатасымен жарияланатын басқа операциялар бойынша сәйкестендірілген ереже мен дағдыларға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7. Клиенттермен жұмыс тәртібі туралы Ереже

7.1. Банк қызметкерінің мінез-құлқы жоғарғы дәрежедегі қызмет көрсету деңгейімен маңызды қаржы мекемесі ретінде Банктің беделіне сәйкес келуі керек.

Банк қызметкерлері өз сөзін қадағалауы, тұрмыстық және «көше» сөздері айналымын айтпауы, паразит сөздерді үзілді-кесілді айтпауы тиіс.

Келушімен кездескен кезде оған отыруды ұсыну қажет. Егер отырғызу мүмкін болмаса, жұмыс үстелінен шыға тұрып, әңгімені тұрып жалғастыру қажет. Егер Келушімен жұмыс жүргізу үшін қызметкерге үстел жанында қалу қажет болса, ол Келушілермен үнемі байланыста болуы керек, үстелдің жанында орындық болуы тиіс.

Келушімен әңгімелескен кезде қызметкер бүкіл кездесу барысында достық қалыпты сақтауы қажет.

Банк қызметкері Келушіде туындаған мәселені сыпайы, білікті және өте жылдам шешуі тиіс.

Қызмет түрлері туралы ақпаратты жеткізген кезде Банк қызметкері фактілерді қарабайыр атап өтпеуі керек. Мұның орнына әңгімелесушіні қызықтыратын фактілерден туындайтын артықшылықтарды немесе салдарларды баяндауы қажет. Және дәлелдемелерді және тар шеңберлі терминдерді қиындататын тұжырымдауларды болдырмау керек.

Банк қызметтері бойынша Келушіге кеңес бере отырып, қызметкер сол немесе өзге қызметтің пайдасы үшін өз дәлелдерін барынша көрнекі баяндауға ұмтылуы керек, сонымен қатар банк-бәсекелестерді сынға алмайды, ал Банктің өзге банктер алдында басымдықтары болған жағдайда оларды Келушіге жалықтырмайтындай етіп айтып беруі керек.

Қызметкер кездесуді Келушінің өзіне деген ілтипатын сезген жағдайда аяқтауы керек.

7.2. Телефонмен әңгімелесу тәртібі:

Қызметкерлер телефон тұтқасын төртінші қоңырауға дейін көтеруі тиіс.

Қызметкерлердің бірі орнында болмаған жағдайда әріптестері тұтқаны алып, қоңырауға жауап берулері тиіс.

Сыртқы қоңырауға жауап берген кезде: «Банк «Kassa Nova». Сәлеметсіз бе» деп амандасу қажет. «Алло...», «Иә...», «Тыңдап тұрмын...» және т.б. деп жауап беруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Сұрақтарға жауаптар анық және қысқа болуы керек.

Егер сыртқы қоңырау Банк қызметкерінің біріне қосылған болса, сондай-ақ ішкі қоңырауға жауап бергенде өзін таныстыру, өз бөлімшесін атау және амандасу керек. Мысалы: «Айменов Нұрлан, Кредиттеу бөлімі. Сәлеметсіз бе».

Егер қоңырау соғушы Қызметкер оны білмейтін нақты қызметкермен қосуды сұраса, оны Байланыс орталығының операторымен қосу қажет.

Егер қызметкер сұраққа жауап беруден қиналса, ол қоңырау соғушыны осы мәселе бойынша құзырлы Банк қызметкеріне қосуға Байланыс орталығына хабарласады.

Егер қызметкерге қоңырау соғушыны өзге біреумен қосу керек болса, ол бұл жөнінде әңгімелесушіге ескертуі және «Бұл мәселе бойынша Сізге осындай бөлімнен осындай қызметкер дұрысырақ жауап береді. Қосайын ба?» деп себебін түсіндіруі керек.

Қосуды күту уақыты 30 секундтан аспауы керек. Егер желі бос болмаса, қызметкер қоңырау соғушыға бұл жөнінде айтуы және қажетті телефон номерін хабарлаумен қайта қоңырау шалуды ұсыну қажет.

Қоңырауды Банктің келесі қызметкеріне қосқан жағдайда қызметкер соңғысына кімнің және қандай сұрақпен қоңырау соғып тұрғанын мәлімдеумен істің мән-жайын түсіндіруі тиіс.

Егер Банк қызметкері басқа ұйымға қоңырау соқса, қосқаннан кейін өзін таныстыруы, сонан кейін оған қажетті кісіні шақыруы керек: «Сәлеметсіз бе, Сізді Банк «Kassa Nova» қызметкері мазалап тұр, шақырып жіберіңізші». Қажетті кісімен қосқаннан кейін тағы да өз есімін атауы, қоңырау шалу себебін хабарлауы және қажетті уақыт бөле алатынын нақтылау керек.

Әңгіме аяқталғаннан кейін қызметкер әңгімелесушімен қоштасуы және ол тұтқаны бірінші қойғанша күте тұруы керек. Және әңгімелесушіге рахмет айтуды және әңгімені жағымды пікірде аяқтауды ұмытпаңыз.

8. Банктік қызмет ұсыну барысында туындайтын клиенттердің шағымдарын қарау тәртібі

8.1. Банк Клиенттердің келесі шағымдарымен жұмыс жүргізеді:

1) қолма қол, пошта байланысы, Банктің электрондық поштасына және интернет-ресурсына келіп түскен жазбаша шағымдармен;

2) телефон арқылы және Клиент Банкке тікелей келген кезде келіп түскен ауызша шағымдармен.

8.2. Орталық офистегі және филиалдардағы Банктің уәкілетті тұлғалары Банк Басқармасының төрағасымен, филиал директорымен (филиалда) бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін айына бір реттен жиі емес жеке қабылдайды.

Қабылдау жұмыс орны бойынша жеке және заңды тұлғаларға күні мен сағаты белгіленеді және хабарланады.

Егер шағым Банктің уәкілетті тұлғасымен қабылдау уақытында шешілмесе, ол клиентпен жазбаша нысанда баяндалады және онымен жазбаша өтініш ретіндегі жұмыс жүргізіледі.

8.3. Клиенттердің, келшілердің жазбаша шағымдары Банктің ішкі құжаттарына сәйкес деректемелерді қамтитын жазбаша шағымдарды тіркеу журналында қабылдануға, есепке алынуға, тіркелуге және қаралуға жатады. Оған шағым келіп түскен қызметкер оны қабылдау, есепке алу, тіркеу бойынша шаралар қабылдауға және кейін қаралуға Банк филиалының директорына беруге міндетті.

8.4. Қаралуға жатпайды:

- аноним шағымдар, осындай шағымдар дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы немесе мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік қаупі туралы және олардың құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдарға дереу қайта жөнелтілуге жататын мәліметтерді қамтитын жағдайларды қоспағанда;

- мәселенің мән-жайы көрсетілмеген шағым.

Шағымды қараусыз қалдыруға негіз болған шарттар бойынша алып тасталған шағымдарды Банк немесе лауазымды тұлға көрсетілген шағымды қарауға міндетті.

8.5. Сол тұлғаның мүддесінде бір мәселе бойынша бірнеше шағым келіп түскен жағдайда алғашқы шағым негізгі шағым ретінде тіркеледі, кейінгілері негізгі шағымға қосылады және бірінші шағым келіп түскен күннен бастап есептелетін белгіленген мерзім шегінде оларды шешу нәтижелері туралы өтініш берушілерге хабарлаумен бір шағым ретінде қаралады.

8.6. Жеке тұлғаның шағымында оның аты-жөні, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс номері және күні көрсетілуі тиіс. Шағым өтініш берушімен қол қойылуы немесе электрондық цифрлық қол қоюмен куәландырылуы тиіс.

Шағым берген кезде шағымда Банк бөлімшесінің атауы және әрекеттері шағымдалатын лауазымды тұлғалардың аты-жөні, шағымның себебі және талаптары көрсетіледі.

8.7. Банкке жазбаша тікелей жүгінген өтініш берушіге шағымды қабылдаған тұлғаның аты-жөнін, қабылдау күнін және уақытын көрсетумен қағаз тасымалында оның жазбаша шағымының қабылданғанын растайтын құжат беріледі немесе шағымның көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Шағымдарды қабылдаудан бас тартуға болмайды.

8.8. Шағым жеке немесе заңды тұлғаның өкілі арқылы берілуі мүмкін. Өкілдікті ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

8.9. Қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қол туралы тиісті заңнама талаптарына сәйкес келіп түскен заңды және жеке тұлғалардың шағымдары тіркелуге және қаралуға жатады.

8.10. Клиенттің шағымының негізділігі және заңдылығы жағдайында Банк бұзушылықты жою және Клиенттің құқықтарын және заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

8.11. Банктің интернет-ресурсы арқылы келіп түскен шағымдар Банктің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіпте тіркеледі.

8.12. Телефон бойынша Клиенттердің шағымдары тіркеледі. Клиентпен телефон әңгімесін жазып алу бұл жөнінде әңгіме басында хабарланумен оның келісімімен жүргізіледі.

Байланыс орталығының телефоны бойынша қабылданған шағымдар Клиенттің мәселесі бойынша филиал басшысына электрондық поштамен жіберіледі. Жауап алғаннан кейін оператор Клиентпен байланысады және оның шағымы бойынша қорытындыны хабарлайды.

8.13. Банкке ауызша түрде (телефон арқылы немесе Клиенттің Банктің офисіне жеке келуі) келіп түскен шағымдар дереу қаралады және егер мүмкіндік болса, Клиенттің ауызша шағымына бірден жауап беріледі. Егер ауызша шағым дереу шешілмейтін жағдайда ол Клиентпен жазбаша нысанда баяндалады және онымен жазбаша шағым ретінде жұмыс жүргізіледі. Клиентке жауап алу және шағымдарды қарау мерзімінің қажетті тәртібі туралы хабарланады.

8.14. Банк шағымды қараған кезде ұсынылған ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында клиенттен қосымша құжаттарды және мәліметтерді сұрайды.

8.15. Өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе жерге шығумен тексеру талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның шағымы он бес күнтізбелік күн ішінде қаралады.

8.16. өзге субъектілерден, лауазымдық тұлғалардан ақпарат алу немесе жерге шығумен тексеру талап етілетін жеке және (немесе) заңды тұлғаның шағымы қаралады және ол бойынша Банкке келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде шешім қабылданады. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет жағдайларда қарау мерзімі отыз күнтізбелік күн мерзімге ұзартылады, бұл жөнінде өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

8.17. Шағым бойынша қарау мерзімі Банк Басқармасы төрағасымен немесе Банк Басқармасы мүшесімен ұзартылады.

8.18. Егер шағымдағы мәселелерді шешу ұзақ мерзімді талап етсе, шағым оны орындағанға дейін қосымша бақылауға қойылады, және өтініш берушіге үш күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

8.19. Банк қызметкерлері өз құзыреті шектерінде:

1) жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын дәйекті, жан-жақты және уақытында қарауды қамтамасыз етеді, қажет жағдайда - олардың қатысуымен;

2) жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын және заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

3) өтініш берушілерге шағымдарды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабарлайды;

4) өтініш берушілерге құзыретіне сәйкес шағымды өзге субъектілерге немесе лауазымды тұлғаларға қарауға жөнелту туралы хабарлайды.

8.20. Банк филиалының директорымен шағымды қарау нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) шағымды толық немесе жартылай қанағаттандыру туралы;

2) осындай шешім қабылдау негізділігімен шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы;

3) шағымның мәні бойынша түсініктеме беру туралы;

4) шағымды қарауды тоқтату туралы.

8.21. Актілер, құжаттар мен шағымдарды қарауға маңызы бар өзге материалдар, заңмен қорғалатын құпияны қамтитындардан басқа, субъектілерге немесе шағымды тікелей қарайтын лауазымды тұлғаларға он бес күнтізбелік күн ішінде ұсынылады.

8.22. Банк жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын дәйекті, жан-жақты және уақытында қарауды қамтамасыз етеді, шағымдарды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы клиенттерге хабарлайды.

